

СИЛЛАБУС

2023-2024 оқу жылының көктемгі семестрі
 7M05101-Биология, 7M05102-Биомедицина, 7M05109-Биотехнология, 7M05105-Генетика, 7M05112-
 Геоботаника, 7M05113-Нейроғылым, 7M08402-Аквакультура және су биологиялық
 ресурстары, 7M01504-Биология, 7M05116-Микробиология, 7M05119-Репродуктивті генетика
 білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы PU 5204 Басқару психологиясы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОМӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
	МӨЖ саны 4	1,5	1,5		3	ОМӨЖ саны 5

ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Оффлайн				Тест универ жүйесінде
Дәріскер	Адилова Эльнур Темиркановна –PhD, доцент м.а.			
e-mail:	** Kaznu17@gmail.com			
Телефоны:	+ 77476318311			

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

<p>Пәннің мақсаты Студенттердің қазіргі замандағы мәдениеттер қарым-қатынас үрдістері туралы психологиялық білімдерін қалыптастыру</p>	<p>Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*</p> <p>1-ОН: Басқару іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу негізінде және заманауи басқару психологиясындағы тұлға түсінігін, тұлға теориялары және оны басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін, басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілерін талдау арқылы басқару жүйесі және басқару психологиясына тән негізгі ұғымдар туралы теориялық білімдерін қалыптастыру</p> <p>2-ОН: Басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілерін, басшының тұлғасын, қызметтік қатынастар мен байланысты, басқару стилін, ұйымдық іс-әрекеттер туралы ұшыныстар бере алады.</p> <p>3-ОН: Іскерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясын, лидерлік дағдыларды түсіну және қолдануды, лидерлік және мотивация мәселесі мен басқару саласында жинақтаған теориялық білімін практикада жүзеге асыра алады.</p> <p>4-ОН: Ұйымдық коммуникацияны, мәдениетаралық коммуникация психологиясын, ұйымның корпоративтік мәдениетінің психологиялық табиғатын талдау арқылы басқару іс-әрекетінің негізін түсінуге бағытталған басқару процесінің классификациясын жасай алады.</p> <p>5-ОН: Тұлғаның ұйымдағы іскерлік мансапты ұйымдастыруды, мамандығы</p>	<p>ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)</p> <p>1 ЖИ- басқару іс-әрекетінің психологиясы негізінде басқару жүйесін түсіну.</p> <p>1.2 ЖИ –басқару іс-әрекетіндегі тұлғалық даму мен басқарудың мотивациясы арасындағы өзара байланысты анықтау</p> <p>2.1 ЖИ – басқару іс-әрекетіндегі басшының тұлғасы, басқару стильдері, ұйымдық іс-әрекетті, топтық динамиканы, басқарудың психологиясын зерттеген психологиялық теорияларды игеру;</p> <p>2.2 ЖИ – басқару жүйесі, басқару субъектілерінің және басқарудың мотивациялық аспектілерінің өзара байланысын талдау;</p> <p>3.1 ЖИ - іскерлік және кәсіби қатынастар түсініктері лидерлік дағдылар туралы білімдерді меңгеру;</p> <p>3.2 ЖИ – ұйымдағы адамдардың қанағаттануы мен гармониясын, эмоциялық күйлерді басқаруды зерттейтін эксперименттік және психодиагностикалық әдістердің тиімділігін ажырату және түсіну;</p> <p>4.1 ЖИ - ұйымдық коммуникация, мәдениетаралық коммуникация, корпоративтік мәдениет процес- терінің маңыздылықтарын түсіне отырып меңгеру;</p> <p>4.2 ЖИ – басқару іс-әрекеті мен басқару жүйесінің негізінде психодиагностикалық игеру және қолдану;</p> <p>5.1 ЖИ – тұлғаның Мен-концепциясы және іскерлік мансапты, ұйымдағы іскерлік мансапты</p>
---	---	--

	бойынша кездескен түрлі кедергілерді шешуді, ұйымдағы конфликт және конфликтілі мінез-құлық модельдерін талдау арқылы басқару жүйесінің субъектілерінің белсенділігі мен реттеуші механизмдері жайлы түсініктерін қолдана алады.	ұйымдастырудың когнитивті модельдерін құру, 5.2 ЖИ – ұйымдағы конфликт және конфликтілі мінез-құлық модельдерін талдау арқылы аналитикалық сызба құрастыру;
Пререквизиттер	«Психология», «Философия негіздері», «Әлеуметтану», «Жалпы педагогика»	
Постреквизиттер	«Практикалық әлеуметтік психология», «Әлеуметтік психотерапия», «Адам факторы», «Басқару менеджменті психологиясы»	
Оқу ресурстары	<p style="text-align: center;">Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ахтаева Н.С., Абдигаппарова А.И., Бекбаева З.Н. Басқару психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. 2. Қалымбетова Э.К., Баймолдина Л.О. Басқару психологиясы. – А.: Қазақ университеті, 2019. – 220 б. 3. Психология управления: учебное пособие для магистрантов / О.Г. Беленко — Алматы: CyberSmith, 2021. - 288 с. 4. Захарова Л.Н. Психология управления : учебное пособие / Л.Н. Захарова. - Москва: Логос, 2020. - 376 с. <p>Интернет-ресурстар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. Библиотека - http://www.koob.ru 3. Библиотека психологии - http://psylib.myword.ru 4. Российский студенческий портал – http://www.x-student.ru/ 5. Все для студента - www.twirpx.com/ 	
Пәннің академиялық саясаты	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа <u>«Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі»</u> тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail ** Kaznu17@gmail.com арқылы кеңестік көмек ала алады.</p> <p>МООС интеграциясы (massive openonline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің оту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p>Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде</p>	

(кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі

Бағалау әдістері

Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәңдегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериялды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссоздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.														
А	4,0	95-100	Өте жақсы	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Формативті және жиынтық бағалау</th> <th>% мәңдегі баллдар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Дәрістердегі белсенділік</td> <td>5</td> </tr> <tr> <td>Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі</td> <td>20</td> </tr> <tr> <td>Өзіндік жұмысы</td> <td>25</td> </tr> <tr> <td>Коллоквиум</td> <td>10</td> </tr> <tr> <td>Қорытынды бақылау (емтихан)</td> <td>40</td> </tr> <tr> <td>ЖИЫНТЫҒЫ</td> <td>100</td> </tr> </tbody> </table>	Формативті және жиынтық бағалау	% мәңдегі баллдар	Дәрістердегі белсенділік	5	Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20	Өзіндік жұмысы	25	Коллоквиум	10	Қорытынды бақылау (емтихан)	40	ЖИЫНТЫҒЫ	100
Формативті және жиынтық бағалау	% мәңдегі баллдар																	
Дәрістердегі белсенділік	5																	
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20																	
Өзіндік жұмысы	25																	
Коллоквиум	10																	
Қорытынды бақылау (емтихан)	40																	
ЖИЫНТЫҒЫ	100																	
А-	3,67	90-94	Жақсы															
В+	3,33	85-89																
В	3,0	80-84	Қанағаттанарлық															
В-	2,67	75-79																
С+	2,33	70-74																
С	2,0	65-69	Қанағаттанарлықсыз															
С-	1,67	60-64																
Д+	1,33	55-59																
Д	1,0	50-54																

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1 Басқару психологиясының теориялық негіздері ғылыми білімдер жүйесі ретінде			
1	Д 1. Басқару психологиясына кіріспе.	1	1
	СС 1. Басқару психологиясы заманауи ғылым және тәжірибе ретінде.	1	7
2	Д 2. Басқару психологиясының даму тарихы.	1	1
	СС 2 Басқару психологиясының даму кезеңдеріне талдау жасау	1	7
	ОМӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.		
3	Д 3. Басқару жүйесіндегі мотивация	1	1
	СС 3. 1) Басқару жүйесіндегі мотив және мотивация. 2) Қызметкерлерді мотивациясын көтеру мен төмендетуге байланысты басшыларға ұсыныс.	1	7
	МӨЖ 1. 1. «Қазіргі заманғы басқару психологиясы: ғылым ба немесе тәжірибе ме?» эссе. 2. Басқарудың заманауи теориялары бойынша SWOT-талдау жасаңыз.		22

4	Д 4. Басқару жүйесіндегі эмоция, стресс-менеджмент және өзін реттеу психологиясының негізгі мәселелері	1	1
	СС 4. Басқару іс-әрекетіндегі көңіл-күйдің эмоциялық-жігерлік реттелуі. Сіз ұйымда өз эмоцияңызды қалай басқарасыз-ой толғаңыз. Ұйымда қандай стресс-менеджмент қолдана аласыз ұсыныс беру	1	7
5	Д 5. Тұлға басқару объектісі ретінде	1	1
	СС 5. Тұлғаны зерттеудің психологиялық мектептері	1	7
	ОМӨЖ 2. МӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру.		
6	Д 6. Басшының тұлғасы ұйымды басқарудың объектісі ретінде	1	1
	СС 6. Тұлғаның когнитивтік процестері	1	7
	МӨЖ 2. «		22
7	Д 7. Басшының тұлғасы ұйымды басқарудың субъектісі ретінде	1	1
	СС 7. Басшының психологиялық портреті. Басқару күзиреттілігі, жоғары-төменгі қатынастарды талдау арқылы басқару іс-әрекетінің маңызын бағалау	1	7
Аралық бақылау 1			100
МОДУЛЬ 2 Ұйымдағы коммуникативті үрдістер			
8	Д 8. Басшы имиджі	1	1
	СС 8. Имидж құру механизмдері, қалыптасу кезеңдері мен жағымды имидж қалыптастырудың психотехникалары	1	6
9	Д 9. Лидерлік дағдыларды түсіну және қолдану	1	1
	СС 9. Лидерлік және мотивация туралы теориялық-эксперименттік зерттеулерін түсіну арқылы лидерлікті зерттеудің эксперименттік бағдарламасының үлгісін жасаңыз <i>Практикалық тапсырма:</i> түрлі жағдайлар кезіндегі адамдардың лидерлік мінез-құлқына талдау жасау (магистрант талдауы). Талдау бойынша жазбаша есеп беру.	1	6
10	Д 10. Басқару стилдерінің психологиялық ерекшеліктері.	1	1
	СС 10. Басқару стилдеріне әсер ететін субъективті және объективті факторлар.	1	6
	МӨЖ 3. Ұйымдағы тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін талдау негізінде Р.М. Белбин тесті бойынша командалық рөлдерді анықтаңыз.		22
11	Д 11. Басқарудағы конфликтілер психологиясы	1	1
	СС 11. Ұйымдағы конфликт. Конфликтілі мінез-құлық модельдері. Мамандығы бойынша кездескен түрлі кедергілерді шешу туралы зерттеулерді талдау арқылы психологиялық классификация құрастыру. Басқарушылық іс-әрекеттегі конфликтілерді диагностикалау, оларды жеңу стратегиялары және технологиялары.	1	6
12	Д 12. Іскерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясы	1	1
	СС 12. Іскерлік коммуникациядағы коммуникативті кедергілер және оларды шағын кейстер арқылы алдын алу тәсілдері.	1	6
13	Д 13. Басқаршылық шешімдер қабылдау психологиясы	1	1
	СС 13. Қазіргі заманғы шешім қабылдаудың ең тиімді әдісі. Шешім қабылдау процесіне әсер ететін жағдайлар.	1	6
	ОМӨЖ 5. МӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру.		
14	Д 14. Ұйымдағы тұлғаралық коммуникация және кәсіби саладағы психодиагностика	1	1
	СС 14. Интеллект, энергия, қалаулар, әлеуттік қабілет мәселелерін талдау	1	6
	ОМӨЖ 4. МӨЖ 4. «Менің мансабым және кәсіби дамуым» тақырыбында индивидуалды бағдарлама жасаңыз.		22
15	Д 15. Ұйымның корпоративтік мәдениеті	1	1
	СС 15. Индикаторларды талдау негізінде корпоративтік мәдениеттің келешегін болжау.	1	6
	ОМӨЖ 5. Емтиханға дайындық мәселесі бойынша кеңес беру.		
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100

Декан _____ Мейрбаев Б.Б.
 Кафедра меңгерушісі _____ Мынбаева А.К.
 Дәріскер _____ Адилова Э.Т.